

Дипломдық жобалау

Жеке шығармашылық қорытынды жобаның мазмұны

IV курста оқушылар композиция пәні шеңберінде жеке шығармашылық қорытынды жобаны орындайды. Бітірушілер оны орындай отырып бейнелеу өнерінің кез келген түріндегі, жанрдағы өз білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын көрсете алады.

Дипломдық жобалаудың мақсаты – мектепті бітірушілердің шығармашылық әуелетінің: қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау, көркемдік образды қалыптастыруға мүмкіндік беретін образдық абстрактілік ойлау, бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлеріне теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Оқушыларға олардың жеке қабілеттері, бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлері мен жанрларындағы дайындық деңгейін ескере отырып, дипломдық жұмысты орындаудың тақырыбын, материалдарын, техникасын еркін таңдау мүмкіндігі беріледі. «Композиция» пәнін жүргізетін оқытушы (одан кейін – дипломдық жобаның жетекшісі) әрбір жасөспірім авторға оның дипломдық жобасының жұмыс барысын ойластыруға көмек көрсетеді, басқарады, бақылайды. Дипломдық жобаны орындай отырып, оқушылар көркемдік шығарманы қалыптастыруда өзінің даралығын толық көрсете алады және көрсетуге тиіс.

Жеке дипломдық жұмыс мынадай жүйелікте жүргізіледі:

Бірінші тоқсанда масштабты эскиздерді, кескіндемелерді, суреттемелерді, этюдтерді орындау арқылы дипломдық жобаның шығармашылық идеяларын алдын ала әзірлеу жүзеге асырылады. Дипломдық жұмыс тақырыбын ойластыру және таңдау. Орындау техникасы мен материалын; ақпараттық материалды іріктеу; ***сызықтық, түстік және түрлі-түстілік әзірлемелерді орындау***, орындау стилін және стильдеу дәрежесін таңдау. Алдын ала әзірлемелермен жұмыс 1/4A4; 1/2A4; A4 форматтарында жүргізіледі.

Тоқсанның ортасында емтихан комиссиясының мүшелерімен болашақ жеке жобаның шығармашылық ойы мен идеясын қабылдау жөнінде аралық кеңес өтеді.

Тоқсанның аяғында таңдалып алынған тақырып пен оның образдық шешімі, құрастырылған сызықтық және түстік эскиздер емтихан комиссиясымен бекітіледі.

Екінші тоқсанда дипломдық жобаны орындауға арналған суреттің негізі дайындалады; негізгі эскиздер заттай көлемде орындалады (қатырма); боямалауды негіз бетінде орындау; жұмысты жүргізудің басы материалда.

Жұмыстың негізін дайындау дұрыстығын тексеру шеңберінде (холст, гобелен, батик...) емтихан мүшелерімен, тоқсан басында жоспарланған аралық кеңес өтеді.

Тоқсан соңында емтихан комиссиясының мүшелері дипломдық жобадағы орындалатын жұмыс санын, материалы мен орындау техникасын, дипломдық жұмыстың алғашқы нұсқасын бекітеді (боямалағыш).

Үшінші тоқсанда диплом бойынша материалдағы жұмыстың жалғасы. Тоқсанның аяғына қарай жұмыс 100% орындалуы тиіс.

Тоқсан соңына қарай емтихан кеңесімен диплом жобасының төлнұсқасын алдын-ала көру өткізіледі. «Алғашқы нұсқа» есебімен түсіндірмелік хат.

Төртінші тоқсанда түсіндірмелік хат орындалады; дипломдық жобаны рәсімдеу жұмысы өткізіледі; оқушылардың дипломдық жоба тақырыбына сәйкес әдістемелік құралды орындауы.

Тоқсан ортасында емтихан комиссиясы дипломдық жобаны қорғауға рұқсат беру туралы шешім шығарады.

Жобаны қорғау алдындағы кеңестер кезінде бүкіл жобаның тұтастығы талданады. Негізгі жұмыстарды рәсімдеу орындалады, бас эскиздер паспортта рәсімделеді, түсіндірме хат жасалады, дипломдық жобаны қорғау барысы ойластырылады. Түсіндірме хат үшін ақпараттық материал іріктеліп алынады.

Дипломдық жобаны қорғау: Жеке шығармашылық жобаны қорғау жөніндегі комиссияның жұмысына Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының төрағасы, еңбек сіңірген өнер қайраткері Ю.Г. Попов, Ш.Уәлиханов атындағы университеттің көркем-графикалық факультетінің оқытушылары қатысады. Соңғы кезеңде комиссия жоғары нәтижелерді,

дипломдарды қорғаудың сенімділігін, таңдалған тақырыптардың терең ойлылығы мен маңыздылығын, бітіру жұмысын орындаудың таңдалған техникасының сапасы мен толықтығын атап өтеді.

4 курс студенттері өздерінің шығармашылық жобалары бойынша дәйекті түрде жұмыс істейді, онда олар БКМ-де оқыған жылдары алған барлық білімдері мен дағдыларын қолданады.

Бітіру шығармашылық жеке жобасын орындаудың аралық кезеңі. Желтоқсан 2021 ж.

